



БҰЙРЫҚ

«29» Шамсир 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 199 н/к

город Кызылорда

**Тамақтану сапасына мониторинг
жүргізу жөніндегі комиссия
құру және атқарылатын
жұмыс туралы**

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы (3-параграф. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз етуге 109-ды басшылыққа ала отырып) тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құруды **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөнінде төмендегі құрамда комиссия мүшелері бекітілсін.

1) М. Мукеев - комиссия төрағасы, мектеп директоры

Мүшелері:

2) Г. Балымова - мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

3) Б. Бектемір - мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

4) Қ. Әбиева - мүшесі, директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары

5) Ж. Бекманов - мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы

6) Р. Қартаңова - мүшесі, ата-ана комитетінің төрайымы

7) С. Қылышбаева мүшесі – қамқоршылық кеңес мүшесі

8) Г. Избасова - мүшесі, әлеуметтік педагог

9) А. Сарбаева - мүшесі, мектеп медбикесі

2. 110. Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу кіреді.

3. 111. Комиссия жұмысының қорытындылары ай сайын кейіннен оларды білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қарау және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастыру үшін ақпарат түрінде ресімделеді.

4. 112. Білім беруді басқару органдары жанында жұмыс істейтін тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне жүйелі мониторинг жүргізеді және оқушылардың тамақтануын тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды.

5. 113. Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның функциялары кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды немесе заңды тұлғаларды тарту арқылы да жүзеге асырылады. Осы шешім қабылданған жағдайда білім беру ұйымы, қызметті жеткізуші жоғарыда көрсетілген функцияларды жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға немесе заңды тұлғаларға рұқсат береді.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы (3-параграф. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз етуге 109-ды басшылыққа ала отырып) жұмыс жасау және осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Балымова бекітілсін.

7. Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



М.Мукеев